

**АМАНГЕЛДІ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ - БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Мектеп алды даярлық

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 08-12.04.2024ж

Күн тәртібінің бөлімдері	Дүйсенбі 08.04.2024ж	Сейсенбі 09.04.2024ж	Сәрсенбі 10.04.2024ж	Бейсенбі 11.04.2024ж	Жұма 12.04.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Таңертеңгі сүзгі. Гимн айту (әр дүйсенбі).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың күнтізбесі, тазалығы туралы әңгімелесу. Таңғы жаттығуға балаларды кешіктірмей әкелуін ескерту. «Ғарышкерлер күні» балалар мен ата-ананың жұмысының көрмесі.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, зерттеу жұмыстары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа)	«Суретті жалғастыр» ойыны арқылы үлгі бойынша сурет салу дағдыларын жетілдіру (шығармашылық іс-әрекет)	Нейрожаттығулар арқылы ми жарты шарларын дамыту (дене шынықтыру)	«Дыбыстар қорапшасы» ойыны арқылы дыбыстық талдау жасау және анық айту дағдыларын жетілдіру (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Ғаламшар күніясы» балаларға бейнеролик көрсету (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Ребусты шеш» ойыны арқылы сурет бойынша ребустың жауабын табу дағдыларын жетілдіру (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Ертеңгілік жаттығу	<p>Құм салынған дорбашамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары.</p> <p>1. «Дорбашаны ауыстыр» жаттығуы. Б.к.: аяқ сал алшақ, қол екі жанында, дорбаша оң қолда. Қолды шетке созып, арқа тұсына апарып, дорбашаны сол қолға салып бастапқы қалыңға келу. 6 рет.</p> <p>2. «Созылып жет» жаттығуы. Б.к.: қолды артқа қойып тіреле отыру, дорбаша еденде өкше жанында. 1–2 – қолды екі жаққа соза жоғары көтеру, алға қарай еңкейіп, дорбашаға созылып жету. 3–4 – б.к. келу. 5–6 рет.</p> <p>3. «Түсіріп алма» жаттығуы. Б.к.: шынтаққа тіреле етпетінен жату, дорбаша екі табан арасында қыстырулы. Дорбашаны түсіріп алмай аяқты бұзу, жазу. 3–5 қимылдан соң демалу. 6 рет.</p> <p>4. «Дорбашаны қой, ал» жаттығуы. Б.к.: тік тұру, аяқ иық деңгейінде, дорбаша кеуде тұсында. 1 – қолды алға созу. 2 – тізені бүкпей, алға еңкею. 3 – дорбашаны алдыға неғұрлым алыс қою. 4 – б.к. келу. 1 – қолды алға созу. 2 – тізені бүкпей, алға еңкею. 3 – дорбашаны алу. 4 – б.к. келу. Жаттығуды орындау барысында «Дорбашаны қоямыз», «Дорбашаны аламыз» деу. 6–7 рет.</p> <p>5. «Дорбашаны еденге тигіз» жаттығуы. Б.к.: малдас құрып отыру, қол дорбашамен алда. 1–2 – оңға бұрылып, арт жақтан дорбашаны алыстау жерге дейін созып, еденге тигізу. 3–4 – б.к. Келесі жаққа орындау. 5–6 рет қайталау.</p> <p>6. «Кім шапшаң». Дорбашаны еденге қою; дорбашаның айналасында еркін қимыл жасау. Педагогтің белгісі бойынша дорбашаны тез алып жоғары көтеру. Демді ішке тартып: « Мен» деп, демді шығару. 6–8 рет (дене шынықтыру, музыка)</p>				
Таңғы асқа дайындық	Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Кезекшілікті ұйымдастыру.				

Таңғы ас	Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтанғаннан кейін ауызды шаю қажеттілігін түсіну	Тамақтанғаннан кейін қол орамалды пайдалану қажеттілігін түсіну	Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.	Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру	Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Кімнің заты?» ойыны арқылы мамандық иелеріне қажетті заттарын табу дағдыларын жетілдіру (қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Кел, санайық» әні арқылы Іден 10ға дейінгі сандарды тура және кері санау дағдыларын жетілдіру (танымдық іс-әрекет)	«Пішіндер» ойыны арқылы геометриялық фигуралар туралы білімдерін кеңейту (танымдық іс-әрекет)	«Сен білесің бе?» ойыны арқылы сұрақтарға толық жауап беру дағдыларын жетілдіру (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Тілұстарту жаттығулары арқылы артикуляциялық жаттығулар жасау (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	І.Сауат ашу негіздері, Тақырыбы: Сөйлем құрай білеміз. Мақсаты: сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау. 1. Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру. 2. Графикалық тапсырмаларды орындату арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту. 3. Ұқынтылыққа, досқа адал болуға тәрбиелеу УОҚ барысы 1. Ұйымдастыру кезеңі Педагог оқу қызметін «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойынымен бастайды. 1. Әке, аға, ана, әпке – . . . 2. Орындық, үстел, сөре, керует – . . . 3. Шалбар, тымақ, шалм жейде – . . . 4. Кітап, дәптер, қалам, сызғыш – . . . 5. «Тығылыспақ», «Қуаласпақ», «Мысық -	Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері. Мақсаты: «Мен айтамын санамақ» ойыны арқылы топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау, зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту, санамақ айту дағдыларын қалыптастыру. Дене шынықтыру Негізгі қимыл: «Жүру» «Спорттық ойындар» (футбол) Ойын: «Айгерімге қонаққа барамыз» Ойын арқылы: Қосалқы кадаммен алға қарай жүру, берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Әдіс тәсіл: ойын, доп. Технология: Денсаулық. І.Жалпы дамытушы жаттығулар:	Сауат ашу негіздері, математика негіздері. Мақсаты: «Мен жасай аламын» ойыны арқылы пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, сызықтарды үзбей салуға дағдыландыру. Музыка Музыка тыңдау: «Ұшқыш боламын» Әннің сипатына сәйкес қимылдарын орындай білу Ән айту: «Ғарышқа саяхат» Ән айту дағдыларын дамыту Музыкалық ырғақты қимыл: Әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру	Математика негіздері, сауат ашу негіздері, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру. Мақсаты: «Біздің Қазақстандық ғарышкерлер» ойыны арқылы Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Төктер Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу, қазақ халқының тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құра отырып, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті	Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі. Мақсаты: «Қайтала» ойыны арқылы артикуляциялық жаттығулар жасай отырып, фонематикалық естуді дамыту. Дене шынықтыру Негізгі қимыл: «Секіру» «Еңбектеу» Ойын: «Қояндар мен аңшылар» Ойын арқылы: Тұрған орнында айналып секіру, бірнеше заттардан айналып секіру. Әдіс тәсіл: ойын, орындықтар. Технология: Денсаулық. І.Жалпы дамытушы жаттығулар:

	<p>тышқан», «Ақ серек – көк серек» – ...</p> <p>2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыс деген не? 2) Дыбыстар қандай болып бөлінеді? 3) Дауысты дыбысты, дауыссыз дыбыстан қалай ажыратамыз? 4) Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? 5) Дауыссыз дыбыстарды ше? 6) Сөзді буынға қалай бөлеміз? 7) Буынды қалай белгілейміз? 8) Сөйлем деген не? 9) Сөйлем неден тұрады? 10) Сөйлем сызбасын қалай белгілейміз?</p> <p>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Педагог дыбыстар айтады егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық жаттығу: «Тіпті белгіні көтер» Педагог жуан, жінішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жінішке дауысты дыбыстарды айтқанда, қызыл дөңгелекті көтереді. Дидактикалық ойын: «Буынды көс»(дөппен) – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды</p>	<p>2.Негізгі қимыл: «Жүру» «Спорттық ойындар»</p> <p>3. Ойын: «Жалаушаға жүгіреді»</p> <p>4.Тыныс алу жаттығулары:</p>	<p>Би: «Батырлар» биі</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдану</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау: шулы аспаптарда ойнау.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қимыл: «Жүгіру» «Сапқа тұру,сап түзеу,сапқа қайта тұру.</p> <p>Ойын: «Балапандар мен мысық»</p> <p>Ойын арқылы: Жұппен жүгіру, бір және екі қатармен сапқа қайта тұру,сап түзеу,қайта тұру.</p> <p>Әдіс тәсіл: ойын,арқан.</p> <p>Технология: Денсаулық.</p> <p>1.Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>2.Негізгі қимыл: «Жүгіру» «Сапқа тұру,сап түзеу,сапқа қайта тұру.</p> <p>3. Ойын: «Жүгіріп өтуге үлгер»</p> <p>4.Тыныс алу жаттығулары:</p>	<p>қалыптастыруға баулу, Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйретуді жалғастыру.</p>	<p>2.Негізгі қимыл: «Секіру» «Еңбектеу»</p> <p>3. Ойын: «Үш орындық»</p> <p>4.Тыныс алу жаттығулары: Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. «Әжемнің көмекшісімін» ойыны арқылы қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша кншп жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру, ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау, оюлармен безендіру дағдыларын жетілдіру.</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: (ай- на, алты- бақан, ба-қа, маймыл, жыл- қы, түйме- дақ,). Ойынды өзгертуге болады. 3. Рефлексия.</p> <p>Педагог ҰОҚ-ны қорытындылайды. Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады.</p> <p>Оқу қызметінің қызықты өткенін және ұнағандығын сұрап білу.</p> <p>– Тапсырмаларды орындау барысында кінәланған сәттерің болды ма? Қай тапсырмада?</p> <p>– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда кінәландар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар.</p> <p>2. Математика негіздері</p> <p>Тақырыбы: математикалық жазулар</p> <p>Мақсаты: Балаларға 1 ден 9 ға дейінгі бір таңбалы сандарды меңгерту санай білуге үйрету. 6 санының жазылу жолдарын меңгерту.</p> <p>1. Ұйымдастыру кезеңі:</p>				
--	--	--	--	--	--

	<p>Қайырлы таң алтын күн Қайырлы таң кең далам Жарқырай бер кең далам Құлпыра бер кең қалам</p> <p>Оқушылармен амандасып шаттық шеңберіне тұрғызу.</p> <p>2. Негізгі бөлім</p> <p>Мысалдар шығарту: Асықта берілген сандарды бір біріне қосады және дұрыс жауабы бар дорбаға апарып салады.</p> <p>Сергіту сәті. Бір, екі – басыңды көтер, Үш, төрт – қолдарыңды сөз, Бес, алты – жаймен отыр, Бір – созыл, созыл, Екі – еңкей, түзу тұр, Үш – үш рет қол соқ. Басыңды үш рет ізе. Төрт – қолдарыңды сөз, Бес – қолдарыңды серме, Алты – орнына отыр.</p> <p>Педагог балаларға өлең жолдарымен тапсырмалар ұсынады. Қос-қосынан көп шар бар: Қызыл,сары,көк шар бар, Жасыл сұры тағы бар... Жалпы санын табыңдар.</p> <p>Қорабымның сыры бар: Сана,қанша қыры бар? Сана барлық жақтауын: Санын білсең мақтармын.</p> <p>Дастарқанда торта бар, Қазы,жая,қарта бар, Көкөніс пен шарын бар. Қанша тағам түрі бар?</p> <p>Наным дайын қалаған:</p>				
--	---	--	--	--	--

	<p>Тоқаш, шешек, таба нан, Жаппа, бөлек, самса тұр: Санап көрші, қанша тұр? [19] Жұмбақты тыңдайды, жауабын табады</p> <p>«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. Педагог 6 санына арналған тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, қолбеу және толқанды сызықтарды салады. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p>3.Рефлексия. Оқу қызметін қорытындылайды, балаларға жұмысы үшін алғыс айтады. Ең қызықты есеп туралы айтып беруді сұрайды. Педагогті тыңдап, әсерлерімен бөліседі. Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасан, жасыл дөңгелекті</p> <p>3.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Пайдалы қазбалар дегеніміз не? Мақсаты: а) Жансыз табиғаттағы заттар туралы түсінік қалыптастыру. ә) Олардың аттарын атап, бір-</p>				
--	--	--	--	--	--

	<p>бірінен ажырата білу қабілетін дамыту. б) Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай білуге тәрбиелеу. УОҚ барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі Педагог сабаққа қолайлы эмоционалды көңіл күй қалыптастырады, балаларды Шаттық шеңберін құрауға шақырады. Педагог балаларды Қазақстанның картасымен танысуға шақырады. Қазақстан табиғаты мен қойнауында тұнып жатқан байлық, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің алуан түрлілігі жайлы әңгімелейді. Қазақстанның «жерасты байлығы – мол қойма» атануы тегін емес, себебі мұнда көптеген пайдалы қазба байлықтар өндіріледі. Өңімені тапшақпен жалғастырады. Шахтер келді шахтаға, Көмір қазып халқына. Дайын болған көмірді, Ұсынады халқына. 2. Негізгі кезең Ауа райының қазіргі қалпын күнтізбеге белгілеп көрсетуді ұсынады. Әліппедәптердегі тапсырмалардың көмегімен балаларды тану үдерісіне жұмылдырады. Суретті қарап шығып, көліктер мен ұшақтардың неден жасалғанын талқылайды. Олар жанар-жағармайсыз жүре ала ма?</p>				
--	---	--	--	--	--

	<p>Қосымша мәлімет: Пайдалы қазбалар деп жер қойнауынан өндірілетін және адамзаттың қажеттіліктері үшін пайдаланылатын тау жыныстарын атайды. Жанар-жағармай мұнайдан алынады. Өтірлер, пісеудың түрлері де мұнайдан жасалады. Кешке сендер отбасымен бірге үйде бас қосасыздар. Үйді құрылыстар салды: кірпішін қалады, жылы болсын деп сыртын қаптады, терезесі мен есіктерін салды, ақтады. Үйді біз газбен немесе тас көмірмен жылытамыз. Таскөмір қара түсті, қатты, бірақ ұлғиш боып келеді. Темір рудасы қара түсті, қатты, нығыз зат. Ол метал заттарды өзіне тартады. Балаларды «Аукцион» ойынын ойнауға шақырады: Педагог әртүрлі заттарды аукционға шығарады. Ең соңында заттың пайдаланылуы туралы ұсыныс жасаған бала жеңеді. Кезекпен нысанды пайдалану жолдарын атап берелі.</p> <p>П: Құм қай жерлерде пайдаланылады?</p> <p>Б: Құрылыста, біздің құмсалғышта пайдаланады, құммен өрт сөндіреді, эксперименттер жасауға болады.</p> <p>3.Қорытынды кезең (рефлексия)</p>				
--	---	--	--	--	--

	<p>Педагог сабақты қорытады. Балаларды ынталандырады. Сөйлемді аяқтап, өз жұмыстарына баға беруге шақырады. Өздерінің көңіл күйлерін білдіреді. Сөйлемдерді аяқтайды:</p> <p>Мен бүгін білдім. Мен үшін ... өте қызықты болды. ... орындау қиын болды.</p> <p>Енді мен ... шеше аламын. Мен ... үйрендім. Мен ... жасай білемін. Мен ... өзім істеп көремін.</p> <p>4. Дене шынықтыру:</p> <p>Тақырыбы: Шабандоздар</p> <p>Мақсаты: а) Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.</p> <p>ә) Тік қойылған баспадаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Фитболды «жыланша» пркстеліп жүріп, заттардың арасымен алып жүруді бекіту. Ұсақ моториканы, хоп-фитболмен текшелерді айнала арқаны тік ұстап, еденнен шұғыл екпінмен итеріліп, аяқ басына жұмсақ түсетіндей етіп секіруді дамыту.</p>				
--	--	--	--	--	--

	<p>б) Ептілікті, күштілікті, көшпіддік қасиеттерін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұпмен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жалпақтабан мен арқа омыртқа ауруларының алдын алу.</p> <p>ҰОҚ барысы:</p> <p>1. Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>Бастаушы шақырады:</p> <p>«Ау, жігіттер, келіңдер! Күш сынасып көріңдер! Тақияны алыңдар, Шауып келіп кідірмей, Күміс теңге алыңдар!</p> <p>Ер-тоқымнан айрылмай, Шапқан атқа мініңдер! Ат астынан өте шығып, Бірінші боп келіңдер!</p> <p>Жеңіп ойнақ салыңдар, Бас жүлдені алыңдар!»</p> <p>- «Тақия, теңге алу ма, Жігіттер одан қала ма? Бір, екі, үш,</p> <p>Жастар ала күш!2.</p> <p>Негізгі кезең</p>				
--	--	--	--	--	--

	<p>I. Қимыл жаттығуы: «Кім шапшаң? Сапқа тұрып жарысу. Ат шабысы естілетін күй әуенімен қамшыға арналған түзету жаттығуларын орындау. Балалар қолдарына қамшы алып, шауып келе жатқандай қимылдар жасап, залда бытырап, аяқ басымен, өкшемен қалағанындай қимылдап жүреді. «Шабандоз» Хоп-фитболмен текшелердің арасымен арқаны тік ұстап секіру, еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону. Ішінше «арғымаққа» (хоп-фитбол) мініп, бүкіл дистанциядан өтіп, келесі ойыншыға береді. Тепе-теңдік сақтау – ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүру. Тепе-теңдік сақтауға назар аудару.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығуларын орындайды.</p> <p>Ұзын орындықтың үстімен жанына қарай, текшелерден аттап жүреді. Қолдарын беліне қойып, басын төмен түсірмеуге</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны : «Шеңбер» (3 рет) Күрсауларды шеңбер</p>				
--	---	--	--	--	--

	<p>бойымен орналастырып қою.</p> <p>3. Қорытанды кезең (рефлексия).</p> <p>Жігіттік туралы мақал-мәтелдер</p> <p>Ер сүрінбей ел танамас, Ат сүрінбей жер танамас. Жеті қырлы балықты, сегіз қырлы жігіт алады. Ер байлығы – еңбекте. ер жігіт айтқанын есі етпес.</p>				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету, киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Ойыншықтарды, текшелерді бір-біріне лақтырмауын, баспадақтан түскенде немесе көтерілгенде таяныштан ұстау, қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.				
Серуен	<p>Балабақша ауласындағы жануарларды бақылау</p> <p>Мақсаты: жануарлар туралы білімдерін кеңейту. Жануарларға күтім жасау, камқор болуға дағдыландыру.</p> <p>Еңбек: ауладағы жапырақтарды жинау.</p> <p>Ойын: "Өз үйңді тап" ойыны арқылы ептілікке, шапшаңдыққа дағдыландыру.</p> <p>Дербес әрекет: Балалардың ойындарын қызғылықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу (<i>танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру, зерттеу іс-әрекеті</i>).</p>	<p>Аспанды бақылау</p> <p>Мақсаты: Балалардың көктемгі аспанға назарын аударту. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан- сұр, ал қазір - көкшіл)</p> <p>Еңбек: ауланы қоқыстан тазарту.</p> <p>Ойын: "Жүгіріп қағып ал" ойыны арқылы жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дербес әрекет: Балаларды бір-біріне қайырымдылық жасауға, ойындарға белсенді қатысуға, бір-біріне көмектесуге, мейірімді бола білуге, жанжалдаспауға тәрбиелеу (<i>танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру, зерттеу іс-әрекеті</i>).</p>	<p>Желді бақылау</p> <p>Мақсаты: Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту</p> <p>Еңбек: қажеттілік бойынша жұмыс.</p> <p>Ойын: «Ақ сүйек» ойыны арқылы шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дербес әрекет: Ойын барысында балаларды достық, ұжымдық қарым-қатынас мәдениеті мен ережелеріне дағдыландыру (<i>танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене</i></p>	<p>Бұлттарды бақылау</p> <p>Мақсаты: Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатыны туралы түініктерін қалыптастыру, бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шығармашылық қабылдауын дамыту</p> <p>Еңбек: Қураған бұтақтарды кесу, бұталардың түбін қопсыту.</p> <p>Ойын: "Ұшқыштар" ойыны арқылы тепе-теңдік сақтауға, жылдамдыққа тәрбиелеу</p>	<p>Бұталарды бақылау</p> <p>Мақсаты: Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту (көгістің бұтағы осал, сұр, бүршігі домалақ, тегіс, екеуі бірге өседі.) қолайлы шарттармен байланысын көрсету (көп жарық, жылу, ылғал). Табиғатты эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту, қорғауға ұмтылдыру.</p> <p>Еңбек: терезе алдындағы бақша.</p> <p>Ойын: " Мені қуып жет" ойыны арқылы шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу (<i>танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру</i>)</p>

			шынықтыру, зерттеу іс-әрекеті)	(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)	Дербес әрекет: Балаларға ойынға қатысушы сынарларының қимылдарын өз қимылдарымен үйлестіре алуға үйретуді одан әрі дамыту.
Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінен ағыту. Киімдерін ұқыпты жинауға үйрету.					